

Сейітова Шынар Ботайқызыфилология ғылымдарының докторы, профессор
Әлихан Бөкейханов университеті, Қазақстан, Семей қ.
ORCID: 000-0003-0798-6784 E-mail: seitovashinar@mail.ru**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ
ТІЛДІК ЖӘНЕ ТАРИХИ ЕРЕКШЕЛІГІ**

Андатпа. Мақалада Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандары топонимдерінің тарихи-лингвистикалық ерекшелігі қарастырылады. Жер-су атауларын тарихи және тілдік тұрғыдан талдау арқылы адамзат дамуының тарихы мен қазіргі кезеңі номинация үдерісімен үздіксіз байланысты деген қорытынды жасалады. Жер-су атаулары лингвистиканың, географияның, тарихтың және мәдени антропологияның маңызды бөлігі ретінде кез келген аумақты зерттеудің негізгі элементі болып табылады. Топонимиканы зерттеу жергілікті атаулардың тарихи және географиялық эволюциясын қадағалап қана қоймай, сонымен қатар осы атауларға белгілі бір мағына беретін тұрғылықты халықтың мәдениетін, жеке басын және менталитетін түсінуге мүмкіндік береді. Топонимдер ежелгі тарихи оқиғаларды, мифтерді, діни түсініктер мен дәстүрлерді, табиғи орта ерекшеліктерін және т.б. көрсете алады. Сондықтан жер-су атауларын тілдік және тарихи тұрғыдан зерттеу сол аумақты мекен еткен жергілікті тұрғындар туралы әрі тарихи әрі лингвистикалық дерек алудың бірден-бір көзі болып саналады. Мақаланың басты мақсаты – негізгі сөздікке енбей қалған микротопонимдердің мәдени-семантикалық ерекшелігін қарастырып, тарихи-тілдік және аналитикалық-интерпретативті т.б әдістер негізінде талдау болып табылады. Мақалада кейбір атаулардың шығу тәркіні патша өкіметі шенеуніктерінің жыл сайын жазылып отыратын әр түрлі ресми ақпараттарынан алына отырып, түсініктемесі беріледі. Тілдік бірліктерді тарихи тұрғыдан талдау жер-су атауларына анықтама беру, қазақ халқының ұлттық-рухани негізінің бейнесі, ұлттың генетикалық мәдени коды болып табылатындығы дәлелденеді.

Тірек сөздер: жер-су атаулары; Катонқарағай; Алтай; микротопоним; переселендер**Сілтеме жасау үшін:** Сейітова Ш.Б. Шығыс Қазақстан облысы жер-су атауларының тілдік және тарихи ерекшелігі. *Tiltany*, 2025. №1 (97). 35-42-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-35-42>**Сейітова Шынар Ботаевна**доктор филологических наук, профессор,
Университет имени Алихана Бөкейханова, Казахстан, г. Семей
ORCID: 000-0003-0798-6784 E-mail: seitovashinar@mail.ru**ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ
ТОПОНИМОВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ**

Аннотация. В статье рассматриваются историко-лингвистические особенности топонимов Катонкарагайского, Алтайского, Глубоковского районов Восточно-Казахстанской области. Историко-лингвистический анализ географических названий позволяет сделать вывод о том, что процесс топонимической номинации неразрывно связан с историческим и современным этапами развития человечества. Топонимы являются ключевым элементом в изучении любой территории как важного объекта лингвистики, географии, истории и культурной антропологии. Изучение топонимики позволяет не только проследить историко-географическую эволюцию и значимость наименований, но и понять культуру, национальную идентичность и менталитет коренного народа. Топонимы отражают исторические события древности, мифы, религиозные представления, традиции, особенности природы, социокультурный контекст и т.д. Поэтому историко-лингвистическое исследование географических наименований является одним из способов получения как исторических, так и лингвистических данных о местных жителях, населявших в разные эпохи ту или иную территорию. Основная цель статьи – рассмотреть культурно-семантические особенности микротопонимов историко-лингвистическими, аналитика-интерпретативными методами. В статье дается объяснение происхождения отдельных топонимических наименований с учетом официальных данных, ежегодно представляемых чиновниками царской власти в период колонизации Казахстана. Исторический анализ языковых единиц позволяет констатировать: географические наименования отражают духовную основу казахского народа, это и есть культурный код нации.

Ключевые слова: топонимы; Катон-Карагай; Алтай; микротопоним; переселенцы**Для цитирования:** Сейітова Ш.Б. Лингвистические и исторические особенности топонимов Восточно-Казахстанской области. *Tiltany*, 2025. №1 (97). С. 35-42. (на каз. яз.)DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-35-42>

Seitova Shynar

Doctor of Philology, Professor, Alikhan Bokeikhan University,
Kazakhstan, Semey, ORCID: 000-0003-0798-6784 E-mail: seitovashinar@mail.ru

LINGUISTIC AND HISTORICAL FEATURES OF PLACE NAMES OF EAST KAZAKHSTAN REGION

Abstract. The article deals with the historical and linguistic features of toponyms of Katonkaragay, Altai, Glubokii districts of East Kazakhstan region. By analyzing the names of places and waters from a historical and linguistic point of view, it is concluded that the history and current period of human development are continuously connected with the nomination process. Toponyms are a key element in the study of any area as an important part of linguistics, geography, history and cultural anthropology. The study of toponymy allows not only to trace the historical and geographical evolution of local names, but also to understand the culture, personality and mentality of the resident population, which gives a certain meaning to these names. Toponyms represent ancient historical events, myths, religious concepts and traditions, features of the natural environment, socio-cultural context, and others. Therefore, historical-linguistic study of place-names is considered to be one of the only sources of historical and linguistic information about the local inhabitants living in that area. The main goal of the article is to consider the cultural and semantic features of microtoponyms that are not included in the main dictionary and analyze them using historical-linguistic and analytical-interpretative methods. The article gives an explanation of the origin of some names, taking from various official information written annually by the officials of the royal government. Analysis of linguistic units from a historical point of view proves that it is a definition of place-water names, an image of the national-spiritual basis of the Kazakh people, and a genetic cultural code of the nation.

Keywords: place-water names; Katonkaragay; Altai; microtoponym; migrants

For citation: Seitova, Sh. Linguistic and Historical Features of Place Names of East Kazakhstan Region. *Tiltanyim*, 2025. №1 (97). P. 35-42. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-35-42>

Кіріспе

2021 жылдың шілде айында жоба аясында Әлихан Бөкейхан университетінің ғылыми жоба мүшелері Катонқарағай өңіріне экспедициялық сапармен барып қайтқан едік. Катонқарағай ауданында 13 ауылдық округ, 50 елді мекен болса, сол жердегі жергілікті тұрғындармен сұхбаттаса отырып, көші-қон жолдарын, көктеу, жайлау, күзеу, қыстау, елді мекен, су көздері, тау, қырқа т.б. нысандар атауларын анықтап жазып алып, атаудың шығу уәжін қарастырдық. Сөздікке енгізіліп, түсініктемесі жазылған 1731 нысан атауы Катонқарағай ауданына қатысты жер-су атауларының бәрін қамтыды деген сөз емес, әлі де ескерілмей, ұмытыла бастаған, қаламға ілінбей қалған қаншама атаулар бар. Жер-су атауларын әлі де жинақтай түсіп, түсініктемелерін нақтылау болашақта атқарылар жұмыстардың бір парасы деп есептейміз. Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандарына қатысты жер-су атауларын жинастырып, әріптік негізде тізбектеп, әр атаудың қысқаша түсініктемесін беру жұмыстары ғылыми жоба аясында жазылып, гранттық қаржыландыру негізінде жүзеге асырылды. Берілген мезгіл уақытында көрсетілген аудандар бойынша сол ауданға қатысты баспа бетін көрген ақын-жазушылар шығармаларынан, мезгілдік басылым беттерінен, шежірелік еңбектерден, аудан мерейтойларына байланысты шығарылған энциклопедиялық еңбектерден және жергілікті жер тұрғындарымен сұхбаттасу барысында жиналған атаулар 3600-3700-ге жуық атау. Жобада қарастырылған аймақтағы жер-су атаулары төрт мыңға жуық атаумен шектелмек емес, болашақ зерттеулер барысында әлі де толықтырыла түседі. Мақалада Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандарына экспедициялық сапармен барған кездегі кейбір деректер әр аудан бойынша жеке қарастырылады. Катонқарағай ауданы материалдары негізінде құрастырылған сөздікке енбей қалған кейбір атаулар дереккөздерден мысал келтіріле отырып, мақалада талдау жасалынған. Аудан топонимдері халықтың өткенінен хабар беретін дереккөз. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандары топонимикалық атауларын зерттеу, топонимдер жүйесіне тарихи-этимологиялық талдау жасау, жазбалар мен карта беттеріне түсіру, пайда болу тарихын зерттеу өзекті тақырыптардың бірі. Ал оларды жан-жақты зерттеп, тану тарих пен халық тұрмысын жаңаша ұғынуға септігін тигізеді. Жұмыс ауданның макро-, микротопонимдерінің шығу тарихын қарастыруға бағытталғанымен құнды. Семей қаласындағы Өлкетану мұражайынан, А. Құнанбаев атындағы кітапханадан, А.С. Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық және О. Бөкей атындағы Өскемен қаласындағы

кітапханадан, С. Аманжолов атындағы университет кітапханасындағы сирек қолжазбалар қорындағы XVIII-XX ғ. тақырыпқа қатысты материалдар жұмысқа тірек болды. Мақала бүгінгі күн сұраныстарына сай келіп, мемлекеттік бағдарламалармен, ғылыми және практикалық талаптармен байланыста алынған.

Материал және әдістер

Зерттеу материалы ретінде Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандарына қарасты жер атаулары, соның ішінде негізгі сөздікке (Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандары жер-су атаулары сөздіктері) еңбей қалған сөздік шығып кеткеннен кейін де іздестіру барысында жинақталған атаулар қарастырылды. Шығыс Қазақстан облысы жер-су атауларының тілдік және тарихи ерекшелігін анықтау барысында: «Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области», Подольская Н.В. «Типовые восточнославянские топоосновы (словообразовательный анализ)», Никонов В. «Введение в топонимику», Мурзаев Э.М. «Очерки топонимики», Герасимов Б. «Поездка из Семипалатинска на Рахмановские ключи», «Очерки Истории рудного Алтая (Усть-Каменогорск, 1970)», Добржанский Ф.Г., Лус Я., Войтяцкий Б.П., Колесник Н.Н., Медведев Н.Н. еңбектері қаралып, мақалаға негіз болды. Зерттеу барысында Ресей отарлаушыларының аймақты әртүрлі мақсатта зерттеуге арналған еңбектері қолданылып, мысалдар терілсе, отандық ономаст ғалымдардың теориялық еңбектерін басшылыққа алдық.

Жер-су атауларын тарихи және лингвистикалық тұрғыдан қарастыру барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, аналитикалық-интерпретативті әдіс, функционалдық-жүйелік әдіс, тарихи-тілдік әдістері қолданылды. Тарихи-салыстырмалы, тарихи-тілдік әдіс арқылы атаудың (Мысалы: Шыңғыстай) тарих тезінде өзгерген нұсқаларын қарастыра отырып, бүгінгі атаудың шығу тарихына тоқтала отырып, қазіргі тілдік деректерден айырмашылығы көрсетілді. Тілдік зерттеулердің балама тәсілі ретінде аналитикалық-интерпретативті әдіске сүйене отырып, атаулардың әлеуметтік қызметі анықталды. Ал функционалдық-жүйелік әдіс атауларға тән ортақ белгілер мен мәдени- семантикалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Қазіргі уақытта тіл білімінде ономастика саласы негізінде кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, зерттеу саласы бойынша оқу құралдары жарық көрді. Атап айтқанда: Жанұзақ Т.Т., Рысберген Қ.Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы (Жанұзақ, Рысберген, 2004), Абдрахманов Ә.Ә. Топонимия және этимология (Абдрахманов, 1975), Бияров Б. Жер-су атауларының сөзжасамдық үлгілері (Бияров, 2012), Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер су аттары сөздігі (Қойшыбаев, 1985), Мадиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика зерттеу мәселелері (Мадиева, Иманбердиева, 2005), Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері (Тілеубердиев, 2007) және т.б. Екі мыңыншы жылдардан бергі диссертациялардың ішінен ономастиология мәселесін антропоэлектік парадигмада қарастыру және аталым теориясының бағыттарын қарастыруға арналған кейбір еңбектерді атап өтуге болады: А.Жартыбаевтың «Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері» (Жартыбаев, 2006), Г.Мадиеваның «Ономастическое пространство современного Казахстана: структура, семантика, прецедентность, лемматизация» (Мадиева, 2005) атты докторлық диссертациялары. Берілген зерттеу жұмыстарында қазақ тіл біліміндегі ономастиология мәселелері қарастырылып, белгілі нәтижелерге ие болды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ халқы ежелден көшпелі өмір сүргендіктен, жер-су аттары ерекше маңызды факторға айналған. Әр атауда ұлттық дүниетаным, психология, салт-дәстүрдің кумулятивті түрде жинақталып жатуы өз алдына, әр атау жер бедерін өте жоғарғы дәлдікпен белгілеуді мақсат еткен. Атау сол жердің ерекше бір белгісін білдірмесе, көш адасып, мал арып, шаруашылық күйзеліске ұшырауы мүмкін болған. Мәселен, *Аюшат* топонимі бұл жерде қауіпті аң аю мекендейтін жер деген ақпарат беріп тұр.

Мысалы, Самырсында жасыл шоқы: «Аютөбе» мүк басқан. Доптай ұшып барады аю, иіс алып, тік қашқан. Арғы бетте «Шолақ дара» жалпақ жұртты көк томар, Ашық күнде концерт залы экранын көп қарар (Нұрбаев, 2019: 28). Тілдескен көкпен, Бүрлескен шөппен, «Салқыншоқы»,

«Шоқпарсап» (Нұрбаев, 2019: 31). «Қызылтас», «Бебеу», «Бақбақ», «Мараловод», Жайқалған жағасында гүл құрағың (Нұрбаев, 2019: 43). Сол сияқты қазіргі Берел ауылын маңайдағы қазақтар «Қарашоқы» деп атағанын Б. Кітапбаев ағамыз «Алтайдың Ақтан ақыны» еңбегінде көрсетеді (Нұрбаев, 2019: 232). Мысалы: Главной водной артерией является р. Бухтарма. Из второстепенных рек более значительны – Кок-Терекь, Байберды, Джонжора, Куркуреме, Сарымсакты, Ушкунгей, Чурчутсу (Материалы, 1911: 19), «Семей облысы Өскемен уезі қырғыздарының (қазақтардың) шаруашылықтарын және жерді пайдалану жөніндегі материалдар еңбегі» (Материалы, 1911: 3). Көктерек, Байберді, Күркіреме, Сарымсакты, Үшкүнгей өзендерінің атаулары түсінікті болса, Джонжора атауы түсініксіз. Атау дыбыстық бұрмалауға ұшыраған. Осы жолдардағы: Аютөбе, Шолақдара, Салқыншоқы, Шоқпарсап, Қызылтас, Бебеу, Бақбақ, Мараловод, Қарашоқы атаулары, ал Джонжора, Үшкүнгей өзені, Байберді асу, қоныс ретінде сөздікке енсе де, өзен ретінде енгізілмей қалған. Көбінесе, макротоптағы атауларға қарағанда микротоптағы атаулар енбей қалу себебі, микротоптағы атауларды сол жерді қоныстанған, сол жерде белгілі бір уақытта мекен еткен, жайлаған, сол жерге қатысы бар адамдар ғана білуі мүмкін. Дәл қазіргі күні аты аталған жерлердің атауы жергілікті тұрғындар есінде қалғанымен де бүгінгі күнде ол жерді жайлап отырғандар жоқтың қасы.

Н. Подольская еңбектерінде микротопонимдер дегеніміз – белгілі территорияға тән ұсақ физика-географиялық объектілердің, яғни өзендер мен көлдер, көлшіктер, бұлақтар мен бастаулар, құдықтар мен жылғалардың жыралар мен сай-салалардың, жоталар мен төбе, төбешік, қыр-қыраттардың, шабындықтар мен пішендіктердің, қыстаулар мен жайлаулардың аттары деген анықтама берілген (Подольская, 1983: 60). Зерттеуші В.А. Никоновтың анықтамасында: «Микротопонимия – бұл шағын нысандардың атаулары. Оған бұлақтар, тоғайлар, егістіктер, шалғындар, сайлар, жолдар, көпірлер, құдықтар, елді мекеннің бөліктері тіпті жеке ағашқа дейінгі атаулар жатады» делінген (Никонов, 2011: 47). Микротопоним – табиғи физика-географиялық микронисанның жеке атауы. Қолданылу аясы тар, тек микротерриторияда жұмыс істейтін, аталған микронисанға жақын тұратын адамдардың шеңберіне ғана белгілі ұғым ретінде де түсіндіріледі (Никонов, 2011: 83). Э.Мурзаев тарапынан микротопонимдерге: «Микротопонимия – жайылым жер, батпақтар, жолдар, сайлар, қорғандар, құдықтар т.б. аты аталған ұсақ нысандарға жақын орналасқан адамдардың шектеулі шеңберіне ғана белгілі географиялық атаулар жиынтығы» деген анықтама беріледі (Мурзаев, 1974: 23).

Сонымен, шағын елді мекендерге қатысты берілген анықтамалардың басым көпшілігі шағын елді мекендерді географиялық атаулардың өзгеруге бейім тұратын қабаты екендігін тілге тиек етеді. Аталған мекенді қоныстанғаннан бастап қалыптасқан жердің атауы сол жерді иеленушілердің ондаған, жүздеген жылдар бойы мекен етуіне тікелей қатысты болған. Уақыт өте келе сол жерді қоныстанушылардың өзгеруіне не болмаса белгілі бір оқиғаға т.б. байланысты шағын жер су атаулары өзгеріске түседі және микротопонимдердің ерекшелігі – тұрақсыздығы деуге болады.

Катонқарағай атауына келетін болсақ, *қотан* және *қарағай* сөздерінің тіркесінен жасалған деп есептейміз. Себебі *қотан* сөзімен қатар келген Қотанемел тауы, Қотанемел бейіті, Қотанемел зираты, Қотанемел қорымы, Қотаншеңгел деген жер атаулары бар, яғни *қотан* сөзімен тіркесіп келген атаулар сол жердің ағашы, бұтасы табиғи түрде дөңгелене өскен, ортасында алаңқайы бар жерлерге қойылып отырған. Ал *қатын* сөзімен тіркесіп келетін атаулар, көбінесе, су, бұлақ, өзен атауларына қойылып отырса керек. Мысалы: Қатынсу, Қатынкөпір, Қатынөзен (Катунь). Қазақы көзқарас негізінде «қатын» сөзі тек су атауына қатысты қойылатын болған. Ал «қотан» сөзі ауданның табиғи ерекшелігіне байланысты қойылған деп есептейміз. Мысалы: Жаңаүлгі тұрғыны Абдрахманов Асхаттың (2016 жылы 82 жаста) айтуы бойынша қазіргі Катон ауылының теріскейінде шоқ қарағай болған; 2023 жылы Топқайың ауылының тұрғыны Қалибеков Дәуреннің айтуы бойынша да Катон мен Топқайың арасында дөңгелене орналасқан қарағайлар арасында алаңқайлар болғанын айтады. Сондықтан «Катонқарағай» атауы қазақы таным, қазақы ұстаным негізінде Қотанқарағай сөзінен шыққан. Ал Катонқарағай болып айтылып, жазылып жүргені орыс тілінің ықпалының әсері. Орыс тілінде «о» дыбысы «а» болып айтыла береді, екіншіден орыс әліпбиінде «қ» дыбысының болмауы себепті «қ» дыбысы «к» болып айтылып, жазылып жүр. Бұл

болашақта түзетіліп, Катонқарағай аталмай, қазақтың өз төл дыбыстары арқылы «Қотанқарағай» болып жазылатынына сеніміміз мол. Сол секілді «Катонқарағай» топонимінің дұрыс айтылуы «Қотанқарағай» болуы тиіс екенін осыдан біраз жыл бұрын Б.Бияров, «Қатынқарағай» болуы тиіс дегенді Қ.Ысқақ, «Қотанқарағай» атауын Д.Бралинов т.б. ұсынған, дегенмен біз мақаламызда өз нұсқамызды ұсындық.

Жалпы бүгінгі күні Қотанқарағай ауданына қарасты бір кездегі Шыңғыстай болысының (XVIII-XIX ғ.) ру басы Қаратай Шар өзенінен ары қарай тұрған деп көрсетеді. Оның арғы аталары Тоқарыстан, Жәнібек, Есбол, Бүркіт әлдеқалай Жетісу өңірінен келе жатқан қаракерей руының ығыстыруының себебінен Шар өзенінің маңынан Нарын өзеніне қарай қоныс аударғандарын, бірақ бұл жерде ұзақ тұра алмай Бұқтырма өзенінің жағасына келеді де Шыңғыстай (Чангыстай) пикетінің жанынан орын алады. Шыңғыстай атауының қалыптасуына да осы шәңгіш атауы негіз болған деп атап көрсетеді (Отсюда и название волости, слово чангысь или чангышь значит калина. На месте первого поселения их, росло много калин (Никонов, 2011: 44). Катонқарағай ауданының жергілікті тұрғындары туралы «Өскемен уезінің халқы орта жүздің найман табына жатады. Қазіргі қырғыздар (қазақтар) 14-15 ұрпағына дейін: Сарыжомарт пен Сүгіршіге дейін ұрпақтан ұрпаққа тәптіштей отырып, Найман бабасына дейін айтып бере алады. Бұл дегеніміз айтып отырған уақыттан 4-5 жүз жылғы бұрынғы аталарының тарихын білетіндігі. (Ережеп Накаев Шыңғыстау болысы) (Никонов, 2011: 44). Ал Шабамбай жайлауының осылай аталуына ертеректегі барымта оқиғасы себеп болса керек. Керейлер (қырғыздардың) қазақтардың жеті, сегіз жүздей жылқысын қуып кетеді. Бірақ жер ыңғайын білмегендіктен батпақты жерге тап болса керек. Олар батпақты жерден шығамыз дегенше, (қырғыздар) қазақтар тез жиналып қалып, оларға шабуыл жасайды. Осы ұрыста керейлердің басшысы Шабамбай (Чабамбай) өлтіріледі. Содан осы жер Шабамбай атымен аталып кеткен екен деп көрсетеді (Никонов, 2011: 46).

Алтай ауданы сапар барысында және жергілікті жер материалдарымен танысу барысында мыңға жуық атау жиналды. Алтай ауданының қазақ тіліндегі жер-су атаулары бүгінгі күні қазақтардың жадынан жоғалған. Жергілікті тұрғындар ішінара «Медвежий», «Бобровка» деген жерді ертеректе біздің аталарымыз жайлаушы еді, ол кезде бұл жер «Аюды», «Құндызды» болып аталатынын атап өткен-ді (Сөздікті қараңыз). Алтай қаласының кейбір тұрғындары Алтай (Зырян) қаласын қазақтар «Көктас» деп атағанын айтады. Мысалы: 1937 жылғы Күршімнің тумасы Құрманғалиев Кеңесбек математика пәнінің мұғалімі көп жылдар білім саласында қызмет атқарғанын айта отырып, 1963 жылы Зырян қаласының тумасы Буратаева Әлия деген қызға үйлендім дейді. Қайын атам Әлияның әкесі 1908 жылдың тумасы Буратаев Салыққали Ұлы Отан соғысына қатысқан, Зырян қаласында көп жылдар қызмет атқарған. 1970 қайын атамнан Зырянның бұрынғы қазақы атауы бар ма деп сұрағанымда: «...қазақтар бұл жерді ежелден «Көктас» немесе «Көктасты» деп атаған. Кейін бір Зыряновск дегеннің атымен аталып кетті» (Буратаев Салыққали. Хабарламашы 1908 жылы туған. Зырян қ.) деген еді. Бірақ, Зыряновтың кім екенін білмейтін болып шықты. Жергілікті халық «Зыряновск» атауын «Алтай» деп өзгерткенге дейін «Зеран», «Зерен» деп атап кеткендігін қазақ тілді хабаршыларымыз тілге тиек еткен еді.

Глубокий ауданына қатысты жер-су атауларын жинақтау барысында да жүзден аса жергілікті тұрғындармен сұхбаттасудың сәті бұйырып, қырықтан аса мерзімді баспасөз беттерінен, жергілікті ақын жазушылар шығармаларынан, энциклопедиялық материалдардан ауданға қатысты тоғыз жүзден аса атауларды тізбеге түсірдік.

Глубокий ауданына қарасты жер су атауларының басым көпшілігі орыс тілінен енген атаулар. «Қалажар», «Қарагужиха» атауларының түркілік сипатын жергілікті жер тұрғындары: Қалажар – птичий городок, место где птицы гнезды вьют, яғни қазақы танымда құстар ұя салған жер деген мағынада тұрса, екінші атау қарақұс атауына орыс тіліндегі жұрнақ «иха» жалғанғандығын айтады. Глубокий ауданындағы жер-су атауларының ішінде қазақ тіліндегі атаулар жоқтың қасы. Қазақ тіліндегі бірнеше ғасыр бұрынғы атаулар тарих қойнауында қалған. Бұл болашақ зерттеулердің алар межесі болмақ.

Аудан тұрғындарының басым көпшілігі өздерінің ата-бабалары қашан, қай уақытта, қай жерден келгендерін аңыз ретінде біліп, үнемі айтып отыруға төселген. Мысалы: Уваровтағыларды «репейниктер», Березовкалықтарды «кувалда», Белоусовкалықтарды «бергалдар»,

Прапорщиктегілер «чалдондықтар» және «безпоповцы», «федосеевцы», «челдонцы», «староверы», «старообрядцы» деп өзара қалжың аралас айтып отыратынын алға тартты. Чалдондықтар дейтіні ата-бабалары Чал және Дон өңірінен келгендіктен, туған жерлерін ұмытпай, үнемі айтып отырғандығының белгісі ретінде ауыл адамдарының жадында сақталған. Көптеген жер атаулары бүгінгі күнгі тұрғындардың ата-бабаларының (переселендердің) қай жерден келгенін анықтап тұратын көрсеткіш іспеттес. Атап айтсақ, Таврия селосы Таврия губерниясынан келгендердің қойған атауы (Мысалы: п. Верстах в 17 за Иртышем блесит поселок Таврический, образовавшийся из выходцев Таврической губернии, перешедших в Сибирские казаки (Герасимов, 2011: 21)... Донской селосы Полтава, Харьков, Дон жақтан келгендігінің көрсеткіші (Мысалы: К юго-востоку от села за Иртышем, в верстах семи, виднеется поселок, образовавшийся из переселенцев Полтавской, Харьковской и главным образом, области Войска Донского (Герасимов, 2011: 23).

«Сібірдегі Өскемен қорғанынан бастап Бұқтырма өзенінен ары қарай Телецк өзеніне дейінгі жерді басып, ол жерлерден ыңғайлы жерлерге қорған тұрғызып, Ертіс өзеніне құятын Үбі, Үлбі, Березовка, Глубокий және оған құятын тағы басқа өзен жағалауларына екі мың орыс адамдарын қоныстандыру» атты 1760 жылы сенаттан шыққан бұйрық Тобольск провинциясынан әркімді өз ықтияры бойынша орналастыруы тиіс-тін. Тобольск провинциясынан басқа Архангельск губерниясынан, Устюжск және Вятск провинцияларынан мемлекеттік крестьяндарға да өз кәсібі үшін баруына болатынына рұқсат етілді (Очерки, 1970: 24-25). Өлкені колонизациялаудың басталған уақыты 1760 жыл деп санауға болады (Очерки, 1970: 25). Осы кезеңнен бастап, бүгінгі Шығыс Қазақстан облысының аймағына сырттан келіп қоныстанушылар легі (переселендер) басталған еді. Көшіп, қонып жүрген жергілікті халықтың әр рудың, әр таптың, тіпті әр ауылдың көш жолдары далалық бөлікте де таулы жерде де жылдар бойы салынған орны да нақты анықталған болады. Әрбір ауыл жыл сайын көктеуге, жайлауға, күзеуге, қыстауға барып қоныстанады. Ол жерге бөтен біреулер иелік ете алмайтындай, малды жайылымға жібермейтіндей даланың жазылмаған өз заңы бар (Добржанский, Лус и др., 2011: 7).

1900 және 1910 жылғы статистикалық экспедиция барысында уезде 1900 жылы ер адам – 53,8 мың, әйел адам – 46,2, барлығы – 100 мың болса, 1910 жылы ер адам – 54,2 мың, әйел адам – 45,8 барлығы – 100 мың адам болғанын жазады. Яғни бұл жерлерде қазақтың көктеуі, жайлауы, күзеуі, қыстауы болғандығының бір дәлелі.

Переселендер келіп, территориялық қысым көре бастағаннан кейін, таза қазақ ауылдары да пайда бола бастады: Арал (1915), Бұғымүйіз (1910), Аяқты-Төбе (1912), Бас-Түбек (1912), Окологуз (1914), Текен (1912), Кара-жер (1912), Сайасу (1913), Киен-Бұлак (1912), Танатар-Бұлак (1912), Қаратайлы-бұлак (1908), Ақбөпе (1910), Ащылы-бұлак (1910), Тамыр (1908) (Добржанский, Лус и др., 2011: 45) және тағы басқа.

Ал XX ғасырда үлкен өзгерістер болады. Бұрын переселендер ертеректе келіп орналасқандардың жанына барса, енді игерілген жер жетіспегендіктен бос жатқан жерлерге орналасып, жаңа поселоктар, переселендік мекендер пайда бола бастады. Нәтижесінде елді мекендер екі есе көбейген еді. Осы уақытта: 1908 жылы Тарутинское, Добролюбовка, 1908 жылы Неприступное, 1908 жылы Ключевое, 1908 жылы қазіргі Самар ауданындағы Миролубовка, 1910 жылы Славянка, 1913 жылы Қамысты, 1897 жылы бұрын Шығынты деп аталған Орловка, 1913 жылы Левенцовский (Көктерек-бұлак), 1913 жылы Дмитриевский (Сары-бұлак), 1894 жылы Владимирское, 1910 жылы Аққаба, 1912 жылы Зимовье Нижнее и Верхнее, 1909 жылы Северное, 1908 жылы Тополевка, 1915 жылы Московское (Құлынжон), 1902 жылы Пантелеймоновка, 1915 жылы Московское (Құлынжон), 1902 жылы Пантелеймоновка, 1908 жылы Еловка Верхняя и Нижняя, 1909 жылы Красивое, 1907 жылы Самар, 1910 жылы Веселовка, 1910 жылы Матвеевка, 1909 жылы Ананьевское (с. Песчанка), 1908 жылы Крестовское (Уранхайка) және тағы басқа қоныстар игерілді. Келген қоныстанушылар (переселендер) қоныстанған мекендеріне өздерінің келген жерлерінің атауын берді, өз тегінің атауымен атады немесе жаңа атаулар берді. Мысалы: Самарское, Таврия, Шемонайха немесе Селезнев, Быковский және т.б.

Глубокий, Алтай, Катонқарағай аудандары топонимдерінің басым бөлігі орыс тілінде болуы патша өкіметінің отаршылдық саясатымен тығыз байланысты. Қазақ жерлерінің патшалық Ресей

қарамағына алынуы қазақ елінің ішкі жағдайына: әлеуметтік, геосаяси, тарихи, экономикалық жағынан үлкен өзгерістер әкелді әрі қазақ тілінің ономастикалық жүйесіне де кері әсерін тигізді. Әсіресе, кен орындары көп табылған Алтай, Глубокий аудандарының топонимикалық қабаты үлкен өзгерістерге түсіп, бұрынғы атаулар халықтың жадынан шыққан. Көптеген атаулар переселендер келген жердің атауымен аталса, біраз жер-су атаулары алғашқы қоныстанушылардың атымен аталып кеткен.

Қорытынды

XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласына жаппай ішкі Ресей жерінен қоныстанушылар өз дегендерімен келгенде қазақ даласындағы қалыптасқан жүйе бұзылып, ономастикалық желінің өзгеруіне әкелді. Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған жергілікті елдің көктеу, жайлау, күзеу, қыстау атаулары жергілікті халықтың бейсанасынан жойылып, бұрынғы атаулардың орнын өзге тілді атаулар басты. Бұдан бірнеше ғасыр бұрын жергілікті халықтың қолданысында болған атауларды қазіргі уақытта әртүрлі дереккөздерден қарастырып, бірегейлестіріп, қайта қолданысқа енгізгеніміз дұрыс болар еді.

Жиі өзгеріске түсіп тұратын шағын елді мекендердегі микротопонимдерді тізбелеп, жүйелеу, ол атаулардың қағаз бетінде болса да сақталуына мүмкіндік береді. Микротопонимдердің басым бөлігі өзгеріске жиі ұшырайтындықтан, уақыт өте келе жергілікті тұрғындар санасынан жойылып кетуі мүмкін. Жалпы жер-су атаулары – халықтың дәстүрлі рухани және материалдық мәдениеті.

Ұлттық кодты сақтаудың бір арнасы – микротопонимдерді тарихи және тілдік тұрғыдан қарастыра отырып қайта жаңғыртудың маңызы ерекше. Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандары топонимдерін зерттеудің практикалық маңызы зор. Бұл Шығыс Қазақстан өңірінің тарихи және мәдени жадын сақтауға, сондай-ақ алынған деректерді географиялық, лингвистикалық және зерттеу мақсаттарында қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар, жер атауларын зерттеу тіл, мәдениет және география арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік берді, бұл біздің әлем туралы түсінігімізді кеңейтеді.

Сайып келгенде, өңірлік топонимиканы зерттеу маңыздылығы мен өзектілігі Катонқарағай, Алтай, Глубокий аудандары топонимдерін зерттеу нәтижелері география, тарих, лингвистика және мәдениеттану сияқты салаларға пайдалы мәлімет берері сөзсіз.

Әдебиеттер

- Абдрахманов Ә.Ә. Топонимия және этимология. – Алматы, 1975. – 204 б.
- Бияров Б. Жер-су атауларының сөзжасамдық үлгілері: монография. – Алматы: 2012. – 460 б.
- Герасимов Б. Поездка из Семипалатинска на Рахмановские ключи. 1905 г. Иллюстрированный альбом. – Усть-Каменогорск: Наследие, 2011. – 193 с.
- Добжанский Ф.Г., Лус Я., Войтяцкий Б.П., Колесник Н.Н., Медведев Н.Н. Домашние животные Семипалатинской губернии. Собрание статей. – Москва, 2011.
- Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 128 б.
- Жартыбаев А. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері: филол. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 2006. – 44 б.
- Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер су аттары сөздігі. – Алма-Ата, 1985.
- Мадиева Г. Ономастическое пространство современного Казахстана: структура, семантика, прецедентность, лемматизация. – Алматы, 2005. – 210 с.
- Мадиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика зерттеу мәселелері. – Астана: ЖШС «1С-Сервис», 2005. – 240 б.
- Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Усть-каменогорский уезд. Томъ IX-й. С. – Петербургъ Типография Товарищества «Общественная польза». Большая Подьяческая, 39. – 1905.
- Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области. – Т.2. Усть-Каменогорский уезд. Выпуск за 1911. – 19 с.
- Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – Москва: Наука, 1974. – 382 с.
- Никонов В. Введение топонимику. Изд. 2-ое. – Москва: Издательство: ЛКИ, 2011. – 184 с.
- Нұрбаев А. Шығармалары: айтыстар, поэмалар, проза, арнаулар, естеліктер. – Алматы : Орхон, 2019. Т. 1.
- Подольская Н.В. Типовые восточнославянские топоосновы (словообразовательный анализ). – Москва: Наука, 1983. – 160 с.
- Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 280 б.

References

- Abdrahmanov, A. (1975) Toponimija zhane jetimologija. Almaty. 204 b. [Abdrakhmanov, A. (1975) Toponymy and etymology. Almaty. 204 p.] (in Kazakh)
- Bijarov, B. (2012) Zher-su ataularynyng sozzhasamdyq ulgileri: monografiya. Almaty. 460 b. [Biyarov, B. (2012) Word formation patterns of place-water names: monograph. Almaty. 460 p.] (in Kazakh)
- Dobrzhanskij, F.G., Lus, Ya., Vojtjackij, B.P., Kolesnik, N.N., Medvedev, N.N. (2011) Domashnie zhivotnye Semipalatinskoy gubernii. Sobranie statej. Moskva. [Dobrzhansky, F.G., Lus Ya., Voityatsky, B.P., Kolesnik, N.N., Medvedev, N.N. (2011) Domestic animals of Semipalatinsk province. Collection of articles. Moscow.] (in Russian)
- Gerasimov, B. (2011) Poezdka iz Semipalatinska na Rahmanovskie kljuchi. 1905 god. Illyustrirovannyj al'bom. Izdatel'skij dom «Nasledie» Ust'-Kamenogorsk, 193 s. [Gerasimov, B. (2011) Travel from Semipalatinsk to Rakhmanovsky Spring. 1905 Illustrated album. Publishing House "Heritage" Ust'-Kamenogorsk. 193 p.] (in Russian)
- Madieva, G. (2005) Onomasticheskoe prostranstvo sovremennogo Kazahstana: struktura, semantika, precedentnost', lemmatizacija. Almaty, 210 b. [Madiyeva, G. (2005) Onomastic space of modern Kazakhstan: structure, semantics, precedent, lemmatization. Almaty, 210 p.] (in Russian)
- Madieva, G., Imanberdieva, S. (2005) Onomastika zertteu maseleleri. Astana: 1S-Servis. 240 b. [Madiyeva, G., Imanberdiyeva, S. (2005) Onomastics research problems. Astana: 1C-Service. 240 p.] (in Kazakh)
- Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniyu sobrannye i razrabotannye jekspediciej po izsledovaniju stepnyh oblastej (1905) Semipalatinskaja oblast'. Ust'-kamenogorskij uezd. Tom IX. S.-Peterburg. Tipografija tovarishchestva «Obshchestvennaja pol'za». Bol'shaja Pod'jacheskaja, 39. [Materials on Kyrgyz land use collected and developed by the expedition for the Study of Steppe Regions. (1905) Semipalatinsk region. Ustkamenogorsk district. Volume IX. Saint Petersburg. Printing house of the Society for "Public Benefit". Bolshaya Podyacheskaya, 39.] (in Russian)
- Materialy po obsledovaniju hozjajstva i zemlepol'zovaniya kirgiz (1911) Semipalatinskoy oblasti. T. 2 Ust'-Kamenogorskij uezd. 19 s. [Materials on the survey of the economy and land use of the Kirghiz of the Semipalatinsk region. (1911) Vol. 2. Ust'-Kamenogorsk district. 19 p.] (in Russian)
- Murzaev, E. (1974) Ocherki toponimiki. Moskva: Nauka. 382 s. [Murzayev, E. (1974) Essays on toponymy. Moskva: Nauka. 382 p.] (in Russian)
- Nikonov, V. (2011) Vvedenie v toponimiku. Izd. 2-oe. Moskva: LKI. 184 s. [Nikonov, V. (2011) Introduction to Toponymy. 2nd edition. Moscow: LKI. 184 p.] (in Russian)
- Nurbaev, A. (2019) Shygarmalary: aitystar, poemalar, proza, arnauar, estelikter. Almaty: Orhon. T. 1. [Nurbayev, A. (2019) Works: aitys, poems, prose, dedications, memoirs. Almaty: Orkhon. V. 1.] (in Kazakh)
- Podol'skaja, N. (1983) Tipovye vostochnoslavjanskije topoosnovy (slovoobrazovatel'nyj analiz). Moskva: Nauka, 160. [Podolskaya, N. (1983) Typical East Slavic toponymic bases (word-formation analysis). Moscow: Nauka. 160 p.] (in Russian)
- Qojshybaev, E. (1985) Qazaqstannyng zher su attary sozdigi. Alma-Ata. [Koishybayev, E. (1985) Dictionary of land and water names of Kazakhstan. Alma-Ata.] (in Kazakh)
- Tileuberdiev, B. (2007) Qazaq onomastikasynyng lingvokonceptologijalyq negizderi. Almaty: Arys. 280 b. [Tileuberdiev, B. (2007) Linguistic-conceptual foundations of Kazakh onomastics. Almaty: Arys. 280 p.] (in Kazakh)
- Zhanuzaq, T., Rysbergen, Q. (2004) Qazaq onomastikasy: zhetistikteri men bolashagy. Almaty: Azija. 128 b. [Zhanuzak, T., Rysbergen, K. (2004) Kazakh onomastics: achievements and future Almaty: Asia. 128 p.] (in Kazakh)
- Zhartybaev, A. (2006) Ortalyq Qazaqstan toponimijasynyng tarihi-lingvistikalyq, jetimologijalyq zhane jetnomadeni negizderi: filol. gyl. dokt. ... avtoref. Almaty. 44 b. [Zhartybayev, A. (2006) Historical-linguistic, etymological and ethnocultural foundations of the toponymy of Central Kazakhstan: Doctor of Philol. ... author's abstract. Almaty. 44 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 18.04.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.03.2025.

© Сейітова Ш.Б., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025